

Ш.Ш. Жалмаханов<sup>1\*</sup>, М.А. Маретбаева<sup>2</sup>, Г.Ф. Файзулла<sup>3</sup>,  
А.Е. Жартыбаев<sup>4</sup>, Б.А. Қалиев<sup>5</sup>

<sup>1,5</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>2</sup> Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан;

<sup>3</sup> Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан;

<sup>4</sup> Қарағанды «Болашақ» академиясы, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: szhalmakhanov@bk.ru)

## Жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарының этимологиялық этюдтері

Мақалада сөздің және оның мағынасының төркіні мен тарихын табудың, яғни этимологияның әдіс-тәсілдері мен жолдарының теориялық және әдістемелік негіздері баяндалып, олар жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарының мысалында талданған. *Мақаланың мақсаты* — сөздердің этимологиясын жаңа әдіс-тәсілдері арқылы талдап, төркінін табудың ғылыми-теориялық негіздерін жасау. Этимологиялық ізденістердің басты принципі ол сөздерді диахрониялық және синхрониялық аспектіде фоно-морфо-семантикалық кешенде талдау екендігі дәлелденеді. *Ізденіс материалы* — түркі жазба ескерткіштері және қазіргі түркі тілдеріне ортақ аталған лексикалық бірліктер. *Тақырыптың өзектілігі* белгілі бір сөздің этимологиясын іздеу мен табу барлық жазба деректерді түгел қамтып, кешенді талдау жасалынбағандығында жатыр. Ізденіс мәліметтерін жүйелеу, жіктеу үдерісінде сөз семантикасын кешенді (комплексі) талдау, даралап (компонентті) талдау арқылы семантикалық, тақырыптық және грамматикалық топтарға жіктей отырып, этимологиялық және этнолингвистикалық *әдіс-тәсілдерді* қолданамыз. *Зерттеудің маңыздылығы* түркі тілдеріне ортақ этимондардың этимологиясын түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің мәліметтерін толық қамту арқылы ғана дәлелдеуге болатындығына көз жеткізу. Ізденіс *нәтижесінде*: жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарының фоно-морфо-семантикалық төркіні мен тарихы тарихи және қазіргі мәліметтер негізінде *дәлелденді*, ортақ түркі лексикасының синхрондық статикасы мен диахроникалық динамикасы анықталды, тілдік мәліметтерінің жүйелілігі мен кешенділігі екендігі нақтыланды, олардың ара қатысы, айырмашылықтары көрсетілді.

*Кілт сөздер*: салыстырмалы-тарихи әдіс, түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері, семантикалық деривация, кешенді фоно-морфо-семантикалық талдау.

### *Kipicne*

Тіліміздегі көптеген лексикалық бірліктер этимологиялық талдауды және мағыналарын түсіндіруді қажет етеді. Этимология теориялық негіздеуді, талдаудың әдістемелік жетілуін талап етеді. Лексикамыздың семантикалық деривациясын этимологиялық талдаудың мақсат-міндеттеріне сәйкес реконструкциялаудың барлық әдіс-тәсілдері мен элементтері қолданыла бермеуі мүмкін. Соған байланысты деэтимологизацияланған сөздердің бірінің бастапқы мағынасын, екінші бір сөздің басқа мағыналарын айқындау керек болады. Үшінші бір сөздердің лексикалық немесе фразеологиялық тіркес, мақал-мәтелдер құрамындағы қазір деэтимологизацияланған сөздерді анықтау қажет болады. Көне, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің деректері: 1) сөздердің фонетикалық модификация, гомогенді морфологиялық синонимдер және грамматикалық коррелятивтер жиынтығын, 2) оның фоно-морфо-семантикалық өрісін тану арқылы ғана анықталады. Мұндағы лексикалық негіздің фоно-морфо-семантикалық өріс — фонетикалық, морфемалық модификациялардың, негізгі және көне мағыналардың этимологиясы — қарастырылып отырған лексикалық негізден туындаған сөздердің жиынтығы [1: 3]. Түркі тілдері лексикасының түбір сөздерінде бастапқы, негізгі мағыналардың, ал туынды сөздерде негізгі, бастапқы мағыналардың белгілері сақталады. Сондықтан түбірдің бастапқы мағыналарын айқындауда туынды негіздерді, түбір немесе оның бастапқы мағынасы қолданудан шығып қалған жағдайда түбір мен оның бастапқы мағынасын туынды негіздердегі кейінгі мағыналар арқылы да қайта қалпына келтіруге болады [2: 44].

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: szhalmakhanov@bk.ru

Сөздің, оның мағынасының және тілдің шығу тегін зерттейтін глоттогоника лингвистиканың, ал тілдің құрылымдық бірліктерінің төркіні мен тарихын зерттейтін этимология — лексикологияның саласы екендігі белгілі жайт. Тақырыптың *өзектілігі* — сөздің тарихы мен төркінін зерттеудің әдістемесін, әдіс-тәсілдерін және жолдары мен амалдарын жетілдіру. *Мақсаты* — сөздердің этимологиясын жаңа әдіс-тәсілдері арқылы талдап, төркінін табудың ғылыми-теориялық негіздерін жасау. *Мақсат-міндеттерді* орындау үшін осы мәселені зерттеушілердің еңбектеріне сүйенетін боламыз. «Тіл тарихын жете білу үшін фонетикалық сәйкестікпен бірге сөздердің семантикалық жақтан өзгеру, даму заңдылықтарын да есепке алу қажет. Лингвистикалық зерттеулерде фонетикалық заңдар мен семантикалық заңдарды ұштастыра білу — тіл тарихын, оның даму жолдарын танып-білудің кілті» [3: 332]. Немесе «салыстырылатын сөздердің бір жағынан мағыналары ескерілсе, екінші жағынан дыбыстар заңы ескерілуі керек» [4: 22]. Лексикалық семантиканың деривациясын тарихи тұрғыда зерттемей тарихи процесс нәтижесі болып табылатын түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгерулерінің себеп-салдарларын, заңдылықтары мен ережелерін, жолдары, типтері мен түрлерін айқындап, құрамы, құрылымы және жүйесін белгілеу мүмкін емес.

#### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Жалпы түркілік лексиканың этимологиясын іздеу, табу, анықтау үшін түркі жазба ескерткіштері және қазіргі түркі тілдерінің тілдік фактілерін салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы аспектілерде зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да ізденісіміздің *деректері* — түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері үшін семантикалық деривацияның теориялық негіз болуы түркология үшін өзектілігі арта түседі. Семантикалық материалды талдау барысында сөз мағынасын компоненттік талдау, сөз мағынасын комплекстік талдау, лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарға талдау тәсілдері, этнолингвистикалық, этимологиялық талдау *әдістері* пайдаланылады. Салыстырылып отырған сөздердің мағынасын компоненттік талдау белгілі бір лексеманың семалары, сөз мағынасын комплекстік талдау лексеманың көп мағыналылығын, мағыналық құрамын анықтауға, семалық байланыстарын нақтылауға септігі тиеді. Тура, ауыспалы, туынды, сараланған және диалектілік мағыналардағы сөздер атайтын нысандары өзгеше және сөз таптарына қатыстылығы әр басқа болғандықтан, олар әр түрлі тақырыптық, грамматикалық және семантикалық топқа тиесілі болады. *Этнолингвистикалық талдау әдістері* сөздердің атауы мен мағынасының ұлттық айырмашылықтарын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінің негізінде дәлелдеуге, *этимологиялық талдау* жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің төркіні мен тарихын ашуда көмегі зор. Сөз этимологиясы жайлы XIX ғасырдың ортасынан бері француз ғалымдары М. Бреаль, А. Дармстетер, Ж. Вандриес, А. Мейе, украин лингвисті Л.А. Булаховский, поляк лингвистері В. Дорошевский, А. Шафф, швейцариялық Ф. де Соссюр, австриялық Г. Шухард, орыс лингвистері М.М. Покровский, В.А. Звеганцев, А.А. Уфимцевалар семасиологиялық құбылыстарды жан жақты зерттеді. Біздің ізденісімізге *әдіснамалық негіз* болатын жоғарыдағы және қазіргі ғалымдардың еңбектері [5–10]. *Талдау нысаны* ретінде жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарын алып отырғандығымыздың басты себебі бұл түбір сөздердің ескерткіштер мен тілдеріне ортақ қана емес, қазіргі кезде де *актив қолданылатынымен байланысты*.

#### *Талқылаулар мен нәтижелер*

Жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарын этимологиялық аспектіде талқылап, нәтижелерін баяндап көрелік. Моносиллабтар фонетикалық құрамы жағынан бір түбірлі болғанмен, семантикалық аспектіде көп мағыналы, яғни полисемалы болатыны белгілі. Талқылау барысында бұрынғы этимологиялық зерттеулерді әдіснамалық тұрғыда ғана үлгі етеміз, себебі сілтеу жасап салыстырардай ізденістер жоқ.

##### *а) «Bul» моносиллабының фоно-морфо-семантикалық деривациясы*

Формалық жағынан моносиллаб, мазмұндық жағынан полисемалы сөздердің бірі — «bul» лексемасы.

**Булға** сөзінің: 1) «араластыру» (Рах, МҚ), 2) «лайлау, былғау» (МҚ), 3) *ауысп.* «ренжіту, мұнайту, түнерту, зиян келтіру» (Рах, ММ, МҚ), 4) *ауысп.* «наразылық туғызу, бүлік шығару» (ММ, ОЕ) деген **булғақ** сөзінің Күлтегінде: 1) «тынышсыздандыру, абыржу, козу» мағыналарында (МҚ-да

да), 2) МЖ-да «толқын», 3) ММ және ЖБ-да «толқу» мағынасында қолданылған. ҚҚТ-інде «бұ» түбірінен туындайтын 12 сөз бар. Олар:



Морфемалық тұрғыдан келгенде, бәріне ортақ түбір — бұ, әуелгі өлі жұрнақ — л, II сатыдағы етістік тудырушы жұрнақтың алғашқысы -а болса, екінші ҚҚТ-індегі -ла ауыстырған етістік тудырушы жұрнақ л + ға. Б.А. Серебренников, Н.З. Гаджиевалар -л қимыл-әрекеттердің бірнеше қайталануын білдіретін аффикстермен тіркесіп қызмет еткен, -ла// -лә-л және а аффикстерінің бірігуінен пайда болған, -ла алғашқыда көптікті жинақтайтын аффикс қызметін атқарған дегенді айтады. III сатыдағы сөз тудырушы морфемалар: 1) зат есім тудырушы -қ (бұла+қ), -ң (бұ-л+а-ң), IV сатыдағы: 1) тұйық етістік тудырушы -у (бұла+у), 2) басқа сөз таптарынан етістік тудырушы жұрнақтардың тарихи тұрғыдан соңғысы -та, -да жұрнағы (бұ-л+а-ң+да, бұ+л+ға+қ+та). Семалық тұрғыдан алғанда «бұлға» етістігінің жалпы мағынасы «араластыру, қозғау», «бұлғақ» зат есімнің түпкі мағынасы «толқын», «тынышсыздану», ҚҚТ-індегі «бұ» түбірінен жасалған туынды етістік, зат есім, сын есімдердің 30 мағынасы да қозғалу, араласу, толқумен тікелей байланысты құбылыстар. Олардың арасындағы байланыстар түбір сөздің лексикалық мағынасының қосымшалар жалғану арқылы пайда болған лексикалық-грамматикалық мағынасының қосымшалар жалғану арқылы пайда болған лексикалық-грамматикалық мағыналары арқылы айқындалады. И.В. Альтман атап көрсеткеніндей: «Означаемое корнем как бы является узлом, стягивающим в одну общую идею значения родственных слов, вернее, тем центром, к которому сходятся радиусы от значений, входящих в его орбиту. Поэтому значения корня может быть только гнездовым, общим для всего гнезда слов, а не конкретным» [11: 7].

Жоғарыдағы түркі ескерткіштері мен тілдерінің деректерін салыстырғанда да, аяқ сөздерінің формалық жағынан түбірлес, мазмұндық жағынан төркіндес екенін зерделеуге болады. Төркіндес сөздердің семантикалық деривациясының әр қилылығы соншалық, олардан тарамдалған мағыналар мәндес, мағыналастықтан антонимге (энантиосемаға) айналып кететін тұстары бар. Бастапқыда нақты (конкретті) тік тұрған (вертикальды) қалыптағы адамның басы мен аяғы көлбеу жатқан (горизонтальды) өзеннің және т.б. заттардың бастауы мен соңына атау болып абстрактілі құбылыстардың да басталуы мен бітуіне таңылып таныла береді. Бастапқы «ада» түбіріндегі «жұрдай, түк жоқ», «жұт, қауіп, қайғы» деген мағыналар қазіргі қазақ тілінде аяқ, аяқтау, адақтау сөздерімен берілетіндей өзгеріске түскен. Оған моңғол тіліндегі «адағ» сөзінің «бір нәрсенің соңы, ақыр аяғы, өзеннің құйылысы», алтай тіліндегі «адақ» сөзінің «соңғы, аз, кіші» деген мағыналарда [12: 20] қолданылуы дәйегімізді дәлелдей түседі.

#### а) «Вод»» моносиллабының фоно-морфо-семантикалық деривациясы

«Бодан» сөзінің шыққан төркіні жөнінде Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаевтар көне түркі жазбаларындағы «халық, ел, жұрт» деген мағыналарындағы «бүдүн» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі деп есептесе, Б. Сүлейменов орыстың «поданный» сөзінен шыққан деп дәлелдейді [12: 62-63]. Біздің ойымызша, «бодан» сөзі — көне, орта түркі және қазіргі қазақ тілдерінің төл, тумасөзі. Оған дәлел — «бодан» сөзінің түбірі «бод» сөзінен бірнеше туынды сөз әрқилы мағыналарда Мойынчор, Күлтегін, «Алтын йарук», Ж. Баласағұнның «Құтты білік», М. Қашқаридың «Түркі сөздігіндегі» мәліметтердің қазіргі қазақ тілінде жалғасып келе жатқандығы. Мәселен,



Бод, бодун адамдардың біріккен, бекіген ұйымын, яғни «тобыр, ру, тайпа, ел, халық» мағыналарында болса, «бекіген, байланған, жабысқан» деген мағыналардағы етістік -у, -ул жұрнақтары арқылы жасалған, ал бод+ау, бодауында болу «бағынышта, ықпалда болу, құн төлеу» деген мағыналары туындаған. Осындай семантикалық өрістегі сөзді басқа тілден енген деп дәлелдемек түгіл айтуға болмайды.

*б) «Том» моносиллабының фоно-морфо-семантикалық деривациясы*

**Томлық** сөзі «көңілсіз, катал» мағыналарының сыры ҚҚТ-індегі томсару, томыртқа, томыртқалау, томырық, томсырық, «Көне түркі сөздігіндегі» «том» түбірлес сөздер мағыналарын талдағанда ашыла түседі:

«Көне түркі сөздігінде»	Қазіргі қазақ тілінде
Том: 1) суық (МҚ) Томыл: 1) суу (АЙ) Томлы: 1) суу (МҚ); 2) ауысп. Түнеру, мұңаю (МҚ) Томлығ: 1) суық (з.е.) (М.Қ.); 2) суық (сын. е) (АЙ) Томлыт: 1) Суыту (МҚ); 2. ауысп. Алыстау, суынып кету (ЖБ); 3. ауысп. мұңаю (ЖБ)	Томсару: 1) Тұнжырау, түнеру Томыртқа: 1) қар, мұз салып салқындатылған сусын Томыртқалау: 1) ыстық суды суыту Томырық: 1) тік мінез Томсырық: 1) көңілсіз

«Көне түркі сөздігіндегі» «том» түбірімен мән-мағыналас қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің түрлі жұрнақтар арқылы жасалған 14 мағынасы бар екен. «Том» сөзінен туындаған сөздердің барлығының фонемалық құрамы, семантикалық сабақтастығына сөз жоқ. Барлық туынды мағына «суық, көңілсіз» деген жалпы ұғымды қамтиды.

Ұғым — жалпы және жеке заттар мен құбылыстардың ұқсас және ерекше белгілерін айқындаушы ойлаудың басты элементі. Конкретті «суық» ұғымындағы «том» түбірі -ыл, -лы, -лығ, -лыт, -сар, -ыртқа, -лау, -ырық, -сырық деген жұрнақтар арқылы абстрактілі «суық» ұғымы (адамға қатысты алғанда «көңілсіз») туындаған. Туынды сөздердің жалпы ұқсастығын сақтап тұрған «том» түбірі, жеке ерекшеліктерін айқындаушы элемент жұрнақтар.

Сөз этимологиясына үңілу үшін салыстырылып отырған сөздердің бір-бірімен фонетикалық сәйкестігі, тарихи семантикалық байланыстары болуы керек. Бұл сөздердің жүйелік координаты мен мазмұндық-формалық таралу траекториясы синхрониялық және диахрониялық аспектілерде, бір тілдің өз ішіндегі, туыс тілдер жүйесінде салыстырылады. Сонда ғана сөздің қазіргі семантикалық, тарихи семантикалық өрісі айқындалады. Оған жоғарыдағы «том» сөзінің семантикалық өрісінің этимологиясы дәлел.

*в) «Іар» моносиллабының фоно-морфо-семантикалық деривациясы*

ҚҚТ-індегі **жап**, жау, жабы, жабағы, жабайы және т.б. сөздердің йап түбірінен таралған сөздер екендігін түркі жазба ескерткіштері, монғол, қазіргі түркі тілдері және қазақ тілі сөздіктері негізінде дәлелдеп көрелік [3, 4, 13, 12, 14, 15, 16, 17, 19].

Р/с	Туынды сөз	Мағынасы	Ескерткіш, тіл
1	2	3	4
I.1.	Иабы	Киіз тоқым	МҚ
2.	Иабытақ	Ерсіз, жайдақ	МҚ
3.	Иаба	Жабайы	
4.	Иабакұлақ	Жапалақ (жабы+құлақ)	МҚ
5.	Иабаку	Ұйысқан шаш, жүн	МҚ
6.	Иапурақ	Жапырақ (жабы+құрақ)	МҚ
II.1.	Жабағы	1.5-6 айлық құлын 2.Көктемдегі қой жүні	Қырғ.
2.	Убаһа, Сарбаа, Даабаа	Құлын	Як., тув. Тува -кижи
3.	Даага	Тай	Монғ.
4.	Даакы	Өлі түлемеген жүн	Қырғ.
5.	Даахь	Жабағы жүн	Монғ.
6.	Иапак	1. Жүн. 2. Енесін еметін құлын	Радл.
7.	Йабы	Жүдеген, арықтаған, жарамсыз	Алтай, телеуіт
8.	Йабық	Арықтау, жүдеу, әлсіздену	Қаз.тат., қырғ., Бараб, тат.
9.	Йабу	1. Жұмысшы ат. 2. Тұқымы нашар, арық, көтерем ат	Парсы
III.1.	Жабағы	1. Ұйысқан жүн. 2. 6 ай мен 1 жас аралығындағы жылқы төлі	Қазақ тілінде
2.	Жабайы	1. Тағы. 2. Қарапайым 3: Түздік, табиғи. 4: Дөрекі, қораш. 5. Жасқаншақ, ұялшақ	
3.	Жабдық	1. Құрал-сайман 2. Дүние-мүлік 3. Бөлшек, тетік 4. Нәрсе, бұйым 5. Қару-жарак 6. Әзірлік; дайындық 7. Кигізден істелінген нар түйенің өркешіне жазының астынан кигізілетін әбзел	
4.	Жабу	1.Қимыл атауы 2. Жамылғы 3. Қазақы үйдің киіз есігі 4. Жабуды жаба тоқу	
5.	Жабық	1.Бекітулі 2. Киіз үй бөлшегі	
6.	Жабығу	Қамығу, көңіліздену, жабырқау	
7.	Жабырқау	Қамығу, жасу, көңіл босау	
8.	Жабырқаңқы	Көңілі қамығыңқы, ұнжырғасы түсіңкі	
9.	Жабылу	Бірнеше адамның бірігіп, ұйымдасып төбелесуі	
10.	Жабы	1. Қарабайыр жылқы тұқымы 2. Жабы болды-жүні жығылды, жүнжіп кетті	
11.	Жау	Нөсерлеу	
12.	Жауын	Жаңбыр	
13.	Жаулық	Орамал	
14.	Жапыр	Басылу, жаншылу	
15.	Жабысу	Бірігу, тұтастану	

Жоғарыдағы сөздердің I кезеңдегі этимологиялық архетипі — СГ типті йа (жа) түбірі. Профессор Ж.А. Мәнкееваның тұжырымынша: «Установление гнезд однокоренных слов опирается на лексическое значение слов и семантику формативов» [18: 115-116]. Бұл типтегі түбірлер қазақ тілінде немесе қазіргі түркі тілдерінде кездеспегенмен, түркі тілдері түбірлерінің дамуының көне кезеңдерінде болғандығында күмән жоқ. СГ типті түбірлердің тарихи ұзақ процесс нәтижесінде лексикалық-грамматикалық өзгеріске түскен СГС, ГСС; СГСС типті етістік, есім және еліктеуіш сөздер пайда болғаны белгілі [20: 42]. Академик А.Т. Қайдаров зерттеуінің нәтижесі бойынша СГС типті сөздің қазіргі қазақ тілінде болуы мүмкін *жа* түбірлі 14 сөздің 13-і кездеседі. 13 сөздің

барлығында дерлік есім-етістік корреляциясы бар. Бұл -йа (жа) түбірлі сөздің дамуының II кезеңі. Жа- түбірлі сөздердің ішінде жаз-жай жұбына «сейілту, ыдырату, төсеу» секілді жалпы мағына тән де, жақ-жан жұбының бір-бірінен ерекшелігі — алғашқысының өзгелік, кейінгісінің өздік етістер сипатында болуы. Ал жат-жап-жау үштігінің жалпы мағынасы — «төмендеу, төменде қалдыру, төмен түсу». Біз талқылағалы отырған сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі негізі жап және жау мұндағы ж анлауының да, п, у ауслауттарының да тарихи түбі, архифонемасы й. Йа түбірлі сөздің дамуының II кезеңі осымен аяқталады. Ал III кезеңі й — ж-ға ауысудан, п, у ауслауттарына жұрнақ жалғану нәтижесінде б-ға ассимиляцияланудан басталады. Профессор Ә. Нұрмағамбетовтің «бал» түбіріне қатысты айтқанындай, кейін келе бұл түбірге «әр тілдің өзіне тән қосымшалары қосылып, мағына жағынан да түрлендіре түскен» [14: 43]. Енді йап (жап) түбірлес сөздердің мазмұндық, семантикалық сабақтастығына зер салайық. Кестеде тізбеленген түркі жазба ескерткіштерінде, монғол тілінде, қазіргі түркі тілдерінде және қазіргі қазақ тілінде кездесетін жап (б) (да-, уб-) түбірлес семантикалық және морфологиялық жолдармен семантикалық деривацияға ұшыраған 48 мағынадағы 30 сөздің семантикалық макроструктурасының гиперонимі, жалпы мағынасы, архисемасы — «төмен» мағынасындағы «жап» сөзі. Төмендік мазмұн заттың қимылынан, қалпынан, пішінінен, жағдайынан, көңілдің күйінен білінеді, көрінеді. Ондай қимыл, қалып, пішін, жағдай, күй абстрактілі де, конкретті де затта болуы мүмкін. Төмендік мазмұн бастапқы мағынадағы да, кейінгі мағынадағы да сөздерге тән.

#### г) «Ең» моносиллабының фоно-морфо-семантикалық деривациясы

«Ең» сөзінің көне және қазіргі түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінің мәліметтері негізіндегі лексикалық деривативті және релятивті мағыналарын тарихи салыстырмалы аспектіде қарастыра отырып, «ең» түбірлес сөздердің мағыналық тектестігі мен төркіндістігі ғана емес, тарихи семантикалық өрісінің деривациясын яғни «жүріп өткен жолын» саралап зерделеп көрейік. Ол үшін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [21], «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» [22], «Древнетюркский словарь» [13], Э.В. Севортяның «Этимологический словарь тюркских языков» [4], Ә. Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» [14] секілді фундаментальды еңбектерінің материалдарын пайдаланамыз.

Қазіргі қазақ тілінде «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [21] бойынша «ең» және «ен» түбірлі 31 сөз 46 мағынада, 5 тұрақты тіркес 6 мағынада қолданылады. «Ең» түбірінен 5 зат есім (еңбек — сәбидің басының жұмсақ жері, еңлік — гүл аты, еңсе, еңісу — *астр.* термин, еңтікпе, ұнжырға), 10 сын есім (еңгезердей, еңкек, еңку-еңку — ойлы-қырлы, еңкіс, еңкіш, еңсегей, еңселі, еңіс, еңіс-еңіс — ойпат жер, енжар), 12 етістік (еңбекте, еңкей, еңкекте, еңкенде, еңкілде, еңпенде, еңіре, еңісте, еңсер, еңсеріп, ентеле, еңтік), 2 үстеу (ең, еңк-еңк күлу) туындаған, «еңсе» сөзінің қатысымен 5 тұрақты тіркес (еңсе бермеді — мойымады, еңсе денелі — қапсағай; еңсе көтерді — іргесі қалану, жадырады, еңсесін алды — дегбірсізденді, еңсесін басты — жүнжітті) жасалған. Жоғарыдағы сөздер «ең» сөзінен туындаған. Өйткені «ең» сөзінің жалпы ұғымы — зат құбылыстардың горизонтальды, вертикальды қалпының абсолютті шеткі нүктесі.

Себебі «ең» сөзі ең төмен, ең жоғары, ең шеткі, ең жақсы, ең жаман деген секілді бір-біріне қайшылықты, қарама-қарсы ұғымдардағы сөздерге абсолютті реңк береді. «Шың» түбірі: «терең» мағынасындағы «шыңырау» «биік» мағынасындағы «шың» сөздері вертикальды қалыптың ең төменгі, ең жоғарғы нүктелерінің атауы. Зерттеуші Е. Жұбанов, Ә. Ибатовтар «ең» түбірлі «еңіс», «еңсе», «еңкіш», «еңбек», «еңбек (жұмыс)», «еңбекте», «еңіре» сөздерін «төмен» деген семантикалық ұяға жатқызады [23: 334].

Сөз мағынасының өзгеруі кеңею, көбею, тарылу, ауысу, көнеру, тіпті жоғалу да болуы мүмкін. Оған дәлел «ең» сөзінің жалпы ұғымынан туындаған жеке ұғымдардың деривативті және релятивті мағыналарын заттың, сын-сипатының, қимыл-қозғалыстың, зат қалпының горизонтальды бағытын 4 топқа біріктіруге болады, олар: 1) жоғары (еңбек, еңгезердей, еңсе, еңселі, енжұрға), 2) жоғары-төмен (еңку-еңку, ойлы-қырлы, кедір-бұдыр, енжар), 3) жоғары-алға (еңсер), 4) жоғары-төмен-алға (еңбекте, еңкей, еңкек, еңк-еңк күлу, еңпенде, еңіре, еңіс, еңтік). Тарата айтсақ, «сәбидің бас сүйегінің жұмсақ жері» деген мағынадағы еңбектің, тау гүлі еңліктің орналасуы бастың, таудың жоғарғы жағы, *еңку-еңку* — жоғары қалыптағы дененің төмен түсуі, енжар — жоғары көңіл күйдің түсуі, төмендеуі, еңсер — жоғары қалыпта алға жылжу, еңіреу — алға қарай иілген қалыптағы қимыл, сын-сипат, жай-күй.

Енді енжар, енжұрға, ентеле, еңтік, еңтікпе сөздерін «ең» түбірлі сөзге жатқызып сөз етуіміздің себебіне келейік. Еңбек, еңгезердей, еңкей, еңлік, еңсе, еңіре сөздерінде «ең» түбірінің сақталуы, түбірге жалғанған жұрнақтардың б, г, к, л, с, і дыбыстарынан басталуымен, ал «ең» түбірінің енжар,



енжұрға, ентеле, ентiк сөздерiнде «ң»-ның сақталмауы немесе «ен» түбiрiне айналуы (ң≈н) этимологиялық «ең» түбiрiне ж, т дауыссыздарының жалғануымен байланысты. Сонымен қатар «н» үндi мұрын жолды дауыссыздарына аяқталған түбiрлерге ғ, г ұяң дауыссыздарынан басталған қосымшалар жалғанған сөздердегi (қыранға, төменгi, күнге, енгiз) «ң» дыбысының орфоэпиясы ң-ға айналып айтылуы — н үндi дауыссызының регрессивi ассимиляцияға бағыныштылығының көрсеткiшi.

Ендi «ең» сөзiнiң жоғарыда айтқан сөздіктер бойынша әртүрлі дәуірде, әр тілді семантикалық және морфологиялық өзгеруін кесте түрінде көрейік.

№	Тұлғалық түрленуі	Сөз табысына қатысы	Мағыналары
1	2	3	4
1.	Ең (иң, энг, ингъ)	з. е.	1. Бет (ЖБ, АИ, құм., як., шаг.) 2. Жақ (ЖБ, АИ) 3. Беттің қызыды (як.) 4. Ауысп. сыртқы келбет (ЖБ)
2.	Ең	ет.	1. Иілу, майысу (ТТМ) 2. Тандану (МҚ)
3.	Ең	үст.	1. Ең ілкі — әуелде, баста (КТ). 2. Ең кінiнтә — ең кейiнде, сонында (АЙ, ҰЖ) — (қаз) Ең қызарт — қуану, разаболу (ЖБ)
4.	Еңсе (иңсә)	з.е.	1. Дене, тұлға (қаз) 2. Тұрық, бой (қаз.) 3. Иңсә-ашқарақ, қомағай (як.) 4. Ел, аймақ (Қ.-орда, Арал) Еңсе бермеді — мойымады. Еңсе денелі — қапсағай. Еңсесін басты — жүнжітті. Еңсесін алды — дегбірсіздену. Еңсе көтерді: 1) іргесі қалану, 2) жадырады, Еңсесі күйген — болбыр (Сем. Үрж.)
5.	Еңліг		1. беті бар (ЖБ, МҚ)
6.	Еңлік (ингълик)	з.е.	1. Тамыры терең, түбі қызыл, тауда, құмда өсетін өсімдік (Жамб: Мер, Луг, Мойын, Шу; Алм. Жамб.) 2. Опа — далап орнына қолданылатын тамырлы шөп (қаз.) 3. Опа-далап, бояу (МҚ, Буд., Қырым тат.)
7.	Еңсер (эншер, инсер, ентер)	ет.	1. Эншер — азайту, кеміту (қырғ.) 2. Иңсәр — ашқарақтану, қомағайлану (як.) 3. Лақтыру (түрк, алт.) 4. Аудару (қырғ.) 5. Төгу (түрк. эз.) 6. Тықпалау, тығындау (ққалп.) 7. Ұру, сабау (түрк) 8. Ауысп. Су ақтару (түрк). 9. Ауысп. Біреуді бас салу (түрк). 10. Істі ойсыратып тындыру (қаз). 11. Меңдеу, жеңу, дендеу (қаз). 12. Белгілі бір жастан асу (қаз).
8.	Ентiк	ет.	1. Ауыр демалу, демiгу (қырғ, ққал, өзб.) 2. Сiлеу, мелшино (Құтыб «Х-Ш», Хорезм еск.) 3. Тұншығу (Радл., өзб.). 4. Азаптану, қиналу (тат., башқ.) 5. Шаршау (буд.) 6. Алқыну — аптығу, жүрегi қысылу (қаз)
9.	Еңдіру (Еңрә)	ет.	1. Жылау, солқылдау (қаз). 2. Күйіну, күйзелу (қаз). 3. Терең үңгір, шұңғыма, апан (Атырау, Маңғыстау)
10.	Еңкей	ет.	1. Майысу, иілу (ноғ., қаз., ққал, құм., қырғ., өзб., ұйғ., алт., башқ., түрк., тува., Рад., Буд.) 2. Құлау, түсу (түрк., қар) 3. Бас ию (ққал., Буд.) 4. Әлсіреу (қар). 5. Қартаю (қаз). 6. Құлдилау, ылдилау (қаз). 7. Ауысп. бағыну, жібу (қаз)
11.	Еңбек	з.е.	Сәбидің бас сүйегінің жоғарғы жағындағы жұмсақ жері (қаз)
12.	Еңәк	з.е.	1. Бет (ТТМ, МҚ) 2. Әйел орамалын байлайтын жіп (МҚ)
13.	Еңім	з.е.	Бөлік (ТТМ)
14.	Еңін	з.е.	Иық (ҰЖ)
15.	Еңсегара	з.е.	Ауылға келген күйеуден алынатын кәде (Қ-Орда, Арал)
16.	Еңселу	ет.	Еңсесі түсу, күйзелу (Түрк.: Красновод., Таш., Ашх.)
17.	Еңсеу	ет.	Көксеу, сағыну, аңсау (Ақ., Атб.)
18.	Еңісу	з.е.	аст. Еңісу дөңгелегі — экваторға перпендикуляр, дүние полюстерін басып өтетін үлкен дөңгелектер (қаз)
19.	Енжұрға	з.е.	Ұнжырға, еңсе (қаз)
20.	Ентiкпе	з.е.	1. Демікпе ауруы. 2. Ауа жетпей жиі тыныс алу (қаз)
21.	Еңгезердей	сын е.	Ірі, алып (қаз)
22.	Еңкек	сын. е.	Ііліңкі (қаз)
23.	Еңкіш	сын. е.	1. Ылди. 2. Ііліңкі (қаз)
24.	Еңсегей	сын е.	Ұзын бойлы, зор денелі (қаз)

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
25.	Еңселі	сын. е.	Биік, денелі, үлкен (каз)
26.	Еңіс	сын. е.	1. Ылди жер. 2. Ойпаң жер. 3. Ойысу, бағытталу (каз)
27.	Енжар	сын. е.	Селкос, сүлесок, көңілсіз (каз)
28.	Еңбекте	ет.	1. Тізерлеп жүру. 2. Ауысп. Жорғалау, өрмелеу, тырмысу (каз)
29.	Еңкенде	ет.	1. Алға иіле басу, жүру. 2. Бүкшендеу (каз)
30.	Еңкілде	ет.	1. Жылау. 2. Ауысп. Зырылдау (каз)
31.	Еңпендеу	ет.	Елпелектеу (каз)
32.	Еңсеріл	ет.	1. Өздік етіс. 2. Аударылу, құлау (каз)
33.	Еңку-еңку	сын. е.	Ойлы-қырлы, кедір-бұдыр
34.	Еңіс-еңіс	сын. е.	Ойпат жер
35.	Еңк-еңк күлу		Риза болып күлу

«Ең» түбірлі сөздер қазақ тілі диалектілерінің барлық аймағын қамтыған. Оларда бір-бірімен семантикалық та, фонетикалық та сәйкестіктегі сөздер жоқ. ҚҚТ-імен мағыналық та, формалық та сәйкестіктегі сөз өсімдік атауы — еңілік, еңселудің «күйзелу» мағынасы ҚҚТ-індегі «еңіре» сөзінің 2-мағынасымен сәйкес келеді. Атырау, Маңғыстау өлкелеріндегі «еңіреу» ҚҚТ-імен дыбыстық ұқсастықта болғанмен, мағынасы мүлдем бөлек.

«Ең» түбірлі сөздер көне және орта түркі ескерткіштерінің VIII–XIII ғасырларын қамтиды, яғни Күлтегін, Тұрпандық түркі мәтіндер, Алтын Йаруқ, Калуанамкара және Папамкара ханзадалар туралы жазба, ұйғыр жазбалары, М. Қашқаридың «Түркі тілі сөздігі», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны, А. Игүнекидің «Ақиқат сыйы» дастандарынан жеткен.

Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда ҚҚТ-інде «ентік» сөзінің 2, 4-мағыналарының, «еңкей» сөзінің 4-мағынасының, «еңсер» сөзінің бірде-бір мағынасының сәйкес келмейтінін байқауға болады. Бұл қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексиканың болуы олардың туыстығының, яғни интеграциялық белгісі болса да, ал олардың семантикалық өзгешелік, айырмашылықтарының болуы — жеке тілдер екендігінің, яғни дифференциялық белгісі.

Енді «ең» түбірлес сөздердің этимологиясы жөніндегі ғалымдар пікіріне шолу жасап, өз ойымызды топшылап көрейік.

Алдымен «ең» сөзінің жоғарыдағы сөздіктердегі семантикасын салыстырсақ, 1) бет, жақ, 2) ауысп. сыртқы келбет, 3) таңдану, 4) иілу, майысу деген мағыналары, 5) қазіргі түркі тілдерінде және қазақ тілінде «өте» деген мағынадағы үстеулік қызметтері бар. Севортян сөздігінде [4: 366] Г. Вамбери, К. Брокелманьдар ең, өң, енд деген сөздердің бастапқы мағынасын «алды», «алдыңғы», «жоғары», «дененің алдыңғы жағы», «өсу», «жоғарылау» деген мағыналарға тарамдаса, Г. Рамстетд корей, монғол тілдерімен, Севортян фин-угор тілдерімен ортақтастырады. Академик Ә. Қайдаров «еңгезердей» сөзін «ені кез ер» деп, профессор Ш.Ш. Сарыбаев «еңсе» сөзі армян-қыпшақ грамматикасында «желке», чувашша «желке» және ауысп. «мойын», қарақалпақша «екі жауырынның ортасы» деген мағыналарда қолданылатындығын айта келіп, қазақ тіліндегі «еңсе» ауыспалы мағынада қолданылатындығын тілге тиек етеді [12: 72-73]. Бұдан «ең» сөзінің бастапқы жалпы ұғымы тік (вертикаль) қалыптағы заттың жоғарғы, биік жағының атауы болды. Ал Күлтегін, «Алтын Йаруқ», «Тұрпандық түркі мәтіндері», М. Қашқари «Сөздігінде», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанында «ең» сөзінің күшейткіш үстеу қызметі мен дербес лексикалық мағынасы параллель қолданылды. Мен, пен, бен есімдіктерінің жіктік жалғау, жалғаулық шылау, тіпті көмектес септігінің жалғауы қызметтерін атқаратыны секілді деривациялық процесс болған... Кейін келе үстеулік қызмет бастапқы мағынадағы сөздерді тұрақты тіркес құрамына ығыстырған деп тұжырымдаймыз. Немесе А.М. Щербактың: «Аффиксы восходят к предикативным показателям, а предикативные показатели — к личным и лично-указательным местоимениям» деген пікірін сөз таптарының деривациясына да қатысты айтуға болады [24: 76].

#### Қорытындылар мен тұжырымдар

1. Жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eñ» этимондарын этимологиялық аспектіде талдау барысында салыстырмалы-тарихи әдістің синхрондық-диахрондық, статикалық-динамикалық, салыстыру-сипаттау тәсілдері бірдей қолданылды.



2. Жалпы түркілік этимондардың этимологиясын талдау және табу үшін әрбір моносиллабтың дыбыстық құрамына фонетикалық, түбір құрылысын морфологиялық, сөз мағынасын семантикалық аспектілерде дыбыстық, түбірлік, мағыналық өзгерістерге түскен, түспеген деп талдау арқылы түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

3. Ортақ лексемалардың синхрониялық, статикалық қалпын, мазмұнын диахрониялық, динамикалық өзгерістері, яғни деривациясын кесте арқылы бейнелеп, формалық және мазмұндық саны мен сапасын статистикалық деректермен дәйектедік.

4. Семантикалық деривация түркі лексикасының синхрондық статикасы мен диахроникалық динамикасының нәтижесі екендігі анықталды.

5. Семантикалық деривация нәтижесі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің тілдік мәліметтерінің жүйелілігі мен кешенділігі екендігі нақтыланды.

6. Семантикалық деривация процесі сөз семантикасы, семантикалық деривация, ішкі реконструкция, мазмұндық компаративистика және семантикалық этимология деген элементтерден тұратындығы, олардың ара қатысы, айырмашылықтары көрсетілді.

7. Жалпы түркілік «bul», «bod», «tom», «jar», «eŋ» этимондарын этимологиялық аспектіде талдау барысында қазіргі түркітануда кездеспейтін жаңа фоно-морфо-семантикалық кешенді әдіс мақала авторларының жаңалығы болғандықтан, келешек этимологиялық зерттеулерде қолдануға тиімді тәсіл екеніне сенімдіміз.

### Қысқартулар мен шартты белгілер тізімі

1. Т — Талас жазуы
2. МӨЖ — «Манихейліктердің өкініп жалбарынуы жазбасы» немесе «Хуастуанифт»
3. МЖ — Манихей жазулы ескерткіші
4. С — Суджиден табылған жазу
5. А — Алтай ескерткіштері
6. ЕЕ — Енисей ескерткіштері
7. ИА — Ихэ-Асхэте ескерткіші
8. ИХ — Ихэ-Ханын-нур ескерткіші
9. ҚС — Қойсары ескерткіші
10. ХТ — Хойто-Тамир ескерткіші
11. ТС — Томсен-Стейн қолжазбасы
12. СЦ — Сюань-Цзан өмірбаяны
13. БҚ — Білге қаған жазуы
14. КТ — Күлтегін жазуы
15. КЧ — Көлі чор жазуы
16. МЧ — Мойын чор жазуы
17. О — Онгин ескерткіші
18. Тон — Тоныкөк жазуы
19. У — Уланком жазуы
20. ТМ — Тұрпандық мәтіндер жинағы
21. В — В.Ванг жинаған қолжазбалар
22. Рах — Рахмат жинаған жазбалар
23. КП — Калуанамкара және Папамкара ханзадалар туралы жазба
24. МҚ — М.Қашқаридың «Түркі тілі сөздігі»
25. ЖБ — Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны
26. ҰЗҚ — Ұйғыр жазулы заң құжаттары
27. ММ — Манихей мазмұнды жазулар
28. ҚАК — «Қорқыт ата кітабы»
29. МО — Малов пайдаланған Ольденбург жинағы
30. АИ — А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны
31. АЙ — «Алтын йаруқ» жазбасы
32. Той — Тойоктан табылған жазу
33. ТТМ — Тұрпандық түркі мәтіндері
34. [a.] — араб сөзі
35. [п.] — парсы сөзі

36. [с.] — соғды сөзі
37. [қыт.] — қытай сөзі
38. [м.] — монғол сөзі
39. [қ.] — қазақ сөзі
40. Н — туынды мағына
41. Т — негізгі мағына
42. А — ауыспалы мағына
43. С — сараланған мағына
44. Д — диалектілік мағына

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1978. — 349 с.
- 2 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1974. — 767 с.
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К. Аханов. — Алматы: Мектеп, 1973. — 623 б.
- 4 Аманжолов С. Көп мағыналы және бір түбірдің бірнешеге жарылуы / С. Аманжолов // Пионер. — Алматы: БМБ, 1941. — № 4.
- 5 Зубкова Н.Г. Эволюция представлений о языке / Н.Г. Зубкова. — М.: Языки славянской культуры, 2015. — 760 с.
- 6 Карлинский А.Е. Избранные труды по теории языка и лингводидактике / А.Е. Карлинский. — Алматы, 2007. — 308 с.
- 7 Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики / А.Е. Карлинский. — Алматы, 2009. — 352 с.
- 8 Алпатов В.М. История лингвистических учений: учеб. пос. / В.М. Алпатов. — 3-е изд., испр. и доп. — М.: Языки славянской культуры, 2001. — 368 с.
- 9 Левицкий Ю.А. История лингвистических учений: учеб. пос. / Ю.А. Левицкий. — М.: Высш. шк., 2005. — 302 с.
- 10 Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики / Ю.С. Степанов. — 7-е изд. — М.: Книж. дом «Либроком», 2009. — 312 с.
- 11 Альтман И.В. О семантической структуре словообразовательных гнезд / И.В. Альтман // Вопросы семантики. Тез. докл. — М.: МГУ, 1971.
- 12 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 240 б.
- 13 Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969. — 676 с.
- 14 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз / Ә. Нұрмағамбетов. — Алматы: Рауан, 1994. — 304 б.
- 15 Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках / Л.А. Покровская. — М.: АН СССР, 1961. — С. 11–81.
- 16 Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік / Б. Базылхан. — Уланбатыр, 1977. — 392 б.
- 17 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1979. — 4 том.
- 18 Манкеева Ж.А. Реконструкция «мертвых» корней в гнезде гомогенных основ / Ж.А. Манкеева // Проблемы этимологии тюркских языков. — Алматы: Ғылым, 1990. — С.112–116.
- 19 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь / К.К. Юдахин. — М.: Сов. энцикл., 1965. — 973 с.
- 20 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т. Кайдаров. — Алматы: Ғылым, 1986. — 323 с.
- 21 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1978. — 3-т. — 735 б.
- 22 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1969. — 280 б.
- 23 Жұбанов Е. Анализ этимона Тәңір «Всевышний» (опыт ретроспективного подхода) / Е. Жұбанов, А. Ибатов // Проблемы этимологии тюркских языков. — Алматы: Ғылым, 1990. — 396 с.
- 24 Горский Д.П. Вопросы абстракции и образования понятий / Д.П. Горский. — М.: АН СССР, 1961.

Ш.Ш. Жалмаханов, М.А. Маретбаева, Г.Ф. Файзулла, А.Е. Жартыбаев, Б.А. Қалиев

### Этимологические этюды общетюркских этимонов «bul», «bod», «tom», «jap», «eŋ»

В статье изложены теоретические и методологические основы поиска происхождения и истории слова и его значения, то есть методов и путей этимологии, которые анализируются на примере общетюркских этимонов «bul», «bod», «tom», «jap», «eŋ». Цель статьи — проанализировать этимологию слов с помощью новых методов и приемов и разработать научно-теоретические основы для поиска окончаний. Авторами доказано, что главным принципом этимологических изысканий является анализ слов в фоно-морфо-семантическом комплексе в диахроническом и синхроническом аспектах. Материал исследования — памятники тюркской письменности и лексические единицы, общие для современных тюркских языков. Актуальность темы заключается в том, что поиск истории и этимологии того или иного слова не содержит всех письменных данных и не проведен комплексный анализ. В процессе систематизации, классификации поисковых данных использованы этимологические и этнолингвистические методы и приемы с классификацией семантики слова на семантические, тематические и грамматические группы через комплексный (комплексный) и персональный (компонентный) анализ. Значимость исследования состоит в том, чтобы убедиться, что этимология этимонов, общих для тюркских языков, может быть доказана только путем полного охвата данных тюркских письменных памятников и современных тюркских языков. В результате поисков была доказана история общетюркских этимонов «bul», «bod», «tom», «jap», «eŋ» на основе исторических и современных данных, выявлены синхронная статика и диахроническая динамика общей тюркской лексики, уточнены последовательность и комплексность языковых данных, продемонстрированы их взаимосвязь и различия.

*Ключевые слова:* сравнительно-исторический метод, памятники тюркской письменности, современные тюркские языки, семантическая деривация, комплексный фоно-морфо-семантический анализ.

Sh.Sh. Zhalmakhanov, M.A. Maretbayeva, G.F. Fayzulla, A.E. Zhartybaev, B.A. Kaliyev

### Etymological studies of the common Turkic etymons “bul”, “bod”, “tom”, “jap”, “eŋ”

The article outlines the theoretical and methodological foundations of the search for the origin and history of the word and its meaning, i.e. methods and ways of etymology, which are analyzed using the example of the common Turkic etymons “bul”, “bod”, “tom”, “jap”, “eŋ”. The purpose of the article is to analyze the etymology of words using new methods and techniques and to develop scientific and theoretical foundations for the search for endings. It is proved that the main principle of etymological research is the analysis of words in the phono-morpho-semantic complex in diachronic and synchronic aspects. The research material includes monuments of Turkic writing and lexical units common to modern Turkic languages. The relevance of the topic lies in the fact that the search for the history and the search for the etymology of a word does not contain all written data and a comprehensive analysis has not been carried out. In the process of systematization and classification of search data, we use etymological and ethnolinguistic methods and techniques with the classification of word semantics into semantic, thematic and grammatical groups through complex (complex) analysis, personal (component) analysis. The importance of the study is to make sure that the etymology of the etymons common to the Turkic languages can be proved only by fully covering the data of the Turkic written monuments and modern Turkic languages. As a result of the search, the history of the common Turkic etymons “bul”, “bod”, “tom”, “jap”, “Eŋ” were proved on the basis of historical and modern data. The synchronous statics and diachronic dynamics of the common Turkic vocabulary are revealed, the sequence and complexity of language data are clarified, their interrelation and differences are demonstrated.

*Keywords:* comparative historical method, monuments of Turkic writing, modern Turkic languages, semantic derivation, complex phono-morpho-semantic analysis.

#### References

- 1 Sevortian, E.V. (1978). *Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov [Etymological Dictionary of Turkic Languages]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Sevortian, E.V. (1974). *Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov [Etymological Dictionary of Turkic Languages]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Achanov, K. (1973). *Til biliminin negyzderiy [Basics of linguistics]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].

- 4 Amanzholov, S. (1941). *Kop magynaly zhane bir tibirdyn birneshege zharyluy* [Ambiguity and splitting of one root into several]. *Pioner — Pioneer*, 4. Almaty [in Kazakh].
- 5 Zubkova, N.G. (2015). *Evolutsiia predstavlenii o yazyke* [The evolution of ideas about language]. Moscow: Yazyki slavianskoi kultury [in Russian].
- 6 Karlinskii, A.E. (2007). *Izbrannye trudy po teorii yazyka i lingvodidaktike* [Selected works on language theory and linguodidactics]. Almaty [in Russian].
- 7 Karlinskii, A.E. (2009). *Metodologiya i paradigmy sovremennoi lingvistiki* [Methodology and paradigms of modern linguistics]. Almaty [in Russian].
- 8 Alpatov, V.M. (2001). *Istoriia lingvisticheskikh uchenii* [History of linguistic teachings]. Moscow: Yazyki slavianskoi kultury, 3 [in Russian].
- 9 Levitskii, Yu.A. (2005). *Istoriia lingvisticheskikh uchenii* [History of linguistic teachings]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 10 Stepanov, Yu.S. (2009). *Metody i printsipy sovremennoi lingvistiki* [Methods and principles of modern linguistics]. Moscow: Knizhnyi dom «Librokom» [in Russian].
- 11 Altman, I.V. (1971). *O semanticheskoi strukture slovoobrazatelnykh qnezd* [On the semantic structure of word-formation nests]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 (1966). *Qazaq tilinin qysqyssha etimologialyq sozdigi* [Brief etymological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 13 (1969). *Drevnetiurkskii slovar* [Ancient Turkic dictionary]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 14 Nurmagambetov, A. (1994). *Bes uyz bes soz* [Five hundred and five words]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 15 Pokrovskaia, L.A. (1961). *Terminy rodstva v tiurkskikh yazykakh* [Kinship terms in Turkic languages]. Moscow: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 16 Bazylchan, B. (1977). *Qazaqsha-mongolsa sozdik* [Kazakh-Mongolian dictionary]. Ulanbatyr [in Kazakh].
- 17 (1979). *Qazaq tilinin tusingirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 18 Mankeeva, Zh.A. (1990). *Rekonstruktsiia «mertvykh» kornei v gnezde gomogennykh osnov* [Reconstruction of “dead” roots in a nest of homogeneous foundations]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 19 Yudakhin, K.K. (1965). *Kirgizsko-russkii slovar* [Kyrgyz-Russian dictionary]. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 20 Kaidarov, A.T. (1986). *Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke* [The structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 21 (1978). *Qazaq tilinin tusingirme syzligi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 22 (1969). *Qazaq tilinin dialektologialyq sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 23 Zhubanov, E., & Ibatov, A. (1990). *Analiz etimona Tanir «Vsevyshnii»* [Analysis of the etymon tanri “almighty” (experience of a retrospective approach)]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 24 Gorskii, D.P. (1961). *Voprosy abstraktsii i obrazovaniia poniatii* [Issues of abstraction and concept formation]. Moscow: Akademiia nauk SSSR [in Russian].

#### Information about the authors

**Zhalmakhanov, Shapagat** — Doctor of philology, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: szhalmakhanov@bk.ru;

**Maretbayeva, Marina** — Ph.D., assoc. professor, Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: marina-03@mail.ru;

**Fayzulla, G.** — PhD in philosophy, Acting assoc. professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: gulfay80@mail.ru;

**Zhartybaev, Asylbek** — Doctor of philology, Professor, Karaganda Academy «Bolashak», Karaganda, Kazakhstan; e-mail: as.zhar@mail.ru;

**Kaliyev, Bektursyn** — Candidate of philology, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: kaliev-69@mail.ru.